

# Мәдени мұра - ұлттық сананың бір бөлігі

## Дәстүр мен мәдениет - ұлттың генетикалық коды

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихы бар, әлемдік өркениеттің қазынасына енген мәдени құндылықтардың иесі. Ол өз аумағында тұратын халықтардың мәдени құндылықтарының алуан түрлілігін қамтыды. Қазақстанның мәдени мұрасы ұрпақтардың рухани байланысын нығайтатын ұлттық сана-сезімнің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тақырыптарда емес, біздің рухани-интеллектуалдық кеңістікте, күнделікті тәжірибеде болатын мәдениеттің бөлігі. Қазақстан мәдениеті ежелгі дәуірден бері қазақ халқының өмірі мен дүниетанымының

барлық қырларын айқын көрсетіп келеді.

2020 жылдың шілдесінен бастап «Меңдіқара ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Дәстүр мен ғұрып» жаңа арнайы жобаны іске қосты. «Меңдіқара орталық кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесінде «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасын жүзеге асыру аясында бірқатар іс-шаралар жоспарланған: «Возвращение к истокам: мир глазами художника» вернисаждар, «Ата-баба дәстүрін сақтай білейік» кітап көрмесі, «Уникальное достояние

прошлого» атты бейне сұхбат.

«Одноклассники», «В контакте», «Facebook» әлеуметтік желілерінде, кітапхана сайтында ұмытылған дәстүрлер туралы, ұлттық тағамдар мен қазақ халқының ұлттық киімдері туралы ақпарат беретін «Искусство рожденное в юрте» атты постерлер орналастырылған.

Әр ұлттың ежелден келе жатқан өз салт-дәстүрлері бар. Қазақ халқы өзіне тән салт-дәстүрлерімен ерекшеленеді. Оның тарихы мен рухани ұстанымдары халықтың әдет-ғұрпында жасырылған.

Қазақстан - әр халықтың өз тілі мен мәдениетін

дамытуға, тәуелсіз мемлекет азаматтарының белсенді өмірлік ұстанымын тәрбиелеуге құқығы бар көп ұлтты мемлекет. Біздің ауданда қазақтар, орыстар, татарлар, украиндар, белорустар, немістер және басқа ұлттар тұрады. Еліміздің болашақта гүлденуі үшін мемлекет ішіндегі тұрақтылық, оны мекендейтін халықтар арасындағы достық пен келісім қажет.

Өскелең ұрпақты басқа ұлттарға толерантты болуға тәрбиелеу кітапхана жұмысының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

**Н. ҚУАНЫШЕВА**